Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№14 (766) Сәрсенбі 6 сәуір 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ



БІЛІМ және ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ ТҮЛЕКТЕРГЕ АШЫҚ ХАТ ЖОЛДАДЫ

Құрметті түлектер!

Екі айдан кейін мектепті аяқтап, жаңа өмірге қадам басқалы отырсыздар. Мектеп қабырғасында жүргенде ұстаздарыңыз сіздерге білім мен тәрбиені қатар үйретті. Ата-аналарыңыз да үнемі кеңестерін айтып, дұрыс жол сілтеп отырды. Енді бойларыңызға сіңген осы қасиеттерді пайдаланып, өмірлеріңіздегі жауапты шешімді қабылдайсыздар. Әрине, сіздер үшін алғашқы маңызды емтиханның бірі – ол ҰБТ. Бірақ ҰБТ өмірдегі ең жеңіл, оңай сынақтың бірі екенін айтқым келеді. Оқушылардың ҰБТ-дан қиындықсыз өтуі үшін қосымша шараларды қабылдадық.

1. ҰБТ-ны электронды форматқа көшіріп, оны барынша әділ еттік. Орнатылған камералар, прокторинг және трансляция жүйесі түлектерге кедергі келтірмеуі керек. Себебі бұл шара ҰБТ-ның әділ және ашық өтуі үшін енгізілді.

2. ҰБТ жылына бір рет емес, 4 рет өткізіледі. Бұл жұмысқа әріптестерімізді көп күш-жігер жұмсаса да, бірақ ол түлектердің күйгелісін азайтып, университетке түсуіне бірнеше мүмкіндік беретінін білеміз.

3. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға да арнайы жағдай жасалды. Бұлардан бастап оларға тапсырмаларды орындау үшін қосымша 40 минут беліндi. Сондай-ақ тапсырмалар суреттегі, сызбаларсыз және диаграммаларсыз берілді.

4. Енді тест тапсырушыларға калькуляторларды тұрақты түрде пайдалануға рұқсат етіледі.

5. Бұлай сіздерге ҰБТ ұпайлары ғана емес, сонымен қатар әр пән бойынша нәтижелердің тақырыптық талдауы беріледі. Бұл сіздердің әлсіз тұстарыңызды талдауға және білімдерінізді жетілдіруге көмектеседі.

6. Президенттің қолдауының арқасында грантқа түсуге мүмкіндік артып отыр. Биыл қосымша 15 мың грант бөлініп, стипендия мөлшері 15%-ға өсті. 7. Жақсы жаңалық та бар. Инстаграмда мені белгілеп, грантқа түсу үшін бір емес, екі рет ҰБТ тапсыру туралы өтініш жазып жүргендеріңізді білемін. Шешім қабылдау кезінде біз оқушылардың ұсынысын, қызығушылығын назардан шығармауға тырысамыз. Сол себепті осы жолы да сіздердің ұсыныстарыңыз бойынша шешім қабылдадық. Яғни енді сіздер екі рет ҰБТ тапсырып, грантқа түсуге мүмкіндік аласыздар. Бұл шара эмоционалды стресс деңгейін төмендететініне сеніміміз мол. Қымбатты түлектер!

ҰБТ сынағынан сүрінбей өтулеріңізге тілектеспін. Білімдеріңіздің арқасында жоғары нәтижеге қол жеткізіп, грантқа ие болыңыздар! Баршаңызға сәттілік тілеймін!Қадірлі достар! «Қандай университетті таңдап, қайда оқығың дұрыс?»-деп те ойлап жүрген боларсыздар? Осы ретте бірнеше кеңесімізді бөлісуді жөн санап отырмын:

Бірінші. ЖОО-ның жұмыс берушілер рейтингіндегі орнымен, кадр құрамымен, оқу жағдайларымен танысыңыз.

Екінші. Қандай бағдарлама бойынша оқу жүргізілетінін қараңыз. Сондай-ақ мамандықтардың атауы бірдей естілгіп, бірақ мазмұны айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Сол себепті үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, университеттердің барлық бағдарламасының тізілімін жасадық. Енді ол бәріне қолжетімді.

Үшінші. Университеттің беделін бағалаңыз. Қазір ЖОО-лар өз үлгісіндегі дипломдарды береді. Дегенмен университет беретін дипломның қағазынан бұрын, оның қандай маманды дайындап шығаратыны маңызға ие.

Төртінші. Университеттің аккредитациясына назар аударыңыз. Егер ол ең мықты аккредиттеу ұйымдарынан өтсе, онда сапаның болатынына сенуге болады.

Бесінші. Университетті таңдау кезінде сізді күмәнді арзан оқу немесе сабаққа қатыспау мүмкіндігі сияқты ойлар қызықтырмауы маңызды. Себебі жұмыс берушілер дипломды жарамсыз деп танып, қажеттіңіз бен уақытыңыз босқа шығып болуы мүмкін.

Алтыншы. Қазақстандық ЖОО-ны таңдауға кеңес беремін. Бізде университеттердің сапасы көрші елдердің көптеген университетінен асып түсетінін сеніммен айта аламын.Енді болашақ мамандықты таңдауға қатысты да айта кетейін. Жинаған балл келеміне немесе басқа бір факторларға байланысты қабылданған шешім қате екенін есте сақтаңыз.Оқу мен кәсіптің 3 түрі үлкен әлеуетке ие деп ойлаймын:

1. Жас мұғалім. Қазір бұл мамандық тұрақтылықтың кепіліне айналды. Елімізде жақсы мұғалімдерге сұраныс өте жоғары. Қазір жалақы да, даму мен мансаптық өсу мүмкіндіктеріне де жағдай жасалған. Сонымен қатар осы бағытқа 9,5 мың грант бөлініп, ең жоғары стипендия тағайындалады, одан бөлек, жалақы жыл сайын 25%-ға өсіп отырады.

2. Жас инженер. Президент техникалық мамандықтардың маңыздылығын атап өткен болатын. Мықты инженер болсаңыз, онда сіз кез келген жерде бәсекеге қабілетті боласыз. Өздеріңіз білетіндей, жүздеген жас қазақстандық Google, Amazon және әлемге әйгілі басқа да компанияларда жұмыс істейді.

3. Жас ғалым. Қазақстан ғылымы қарқынды дамып келеді. Отандық ғалымдар QazVac вакцинасын жасады. Сондай-ақ жас ғалымдар бүкіл әлем бойынша ғылыми жарыстарда алдыңғы орындарда. Олардың жобаларына шетелдік компаниялар серіктестік ұсынып жүр. Одан бөлек, біз ғалымдарға барынша қолайлы жағдай жасап жатырмыз. Атап айтқанда, ғылыми гранттар бөлу, шетелдік ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өту және т.б. Сіздердің араларыңызда да Сәтбаев ісін жалғастырушы мықты ғалым шығуы әбден мүмкін. Құрметті түлектер!Сіздерге Жаңа Қазақстанды құруға тамаша мүмкіндік берілiп отыр. Сіздердің идеяларыңыз, мақсаттарыңыз бен талпыныстарыңыздың арқасында еліміз одан әрі дами түсетініне сенімдімін.Қандай жағдай болсын, жоғары кәсіби мамандар әркашан сұранысқа ие. Осының өстен шығармаңыздар. Еңбекқорлық пен сүйікті ісіңен айналысуға деген талпыныс болса, теміржолшы болып та жүздіңіз атануға болады. Өзіңізге және күш-жігеріңізге сеніңіз. Білімнің асуларын бағындырып, ізденуден талмаңыз. Уақытты босқа өткізбеуге тырысыңыз. Оны жаңа білім мен дағдыны үйренуге жұмсаңыз.Бастысы өмір жолыңызда қандай қиындықтар туындаса да, оның барлығын жеңуге болатынын әрдайым есіңізде ұстаңыз.

Білім және ғылым министрі
Асхат Аймағамбетов

ОБЛЫС ӘКІМІ 120 ЕЛДІ МЕКЕНДІ АРАЛАДЫ

Елді мекендерде қордаланып қалған мәселелерді шешу, ауылдардың инфрақұрылымын жақсартып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытында Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдікалықова 1,5 жыл ішінде 120-ға жуық елді мекенді аралап, әр ауылдың мәселесін жеке қарап, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Енді жыл аяғына дейін өңір басшысы шалғай орналасқан өзге де ауылдарға барып, өзекті ұсыныстарды ескеріп, мәселелерге талдау жасайды.



Аймақта тұрғындардың газ тұтыну деңгейі 67 пайызға жетті. Өткен 1 жыл ішінде Қармақшы, Жалағаш, Сырдария ауданының орталықтарында газдандыру жұмыстары толық аяқталып, 46 мыңнан астам тұрғын табиғи газға қол жеткізді. Ал, Шиелі ауданы Н.Бекежанов, Қодаманов елді мекендеріне табиғи газ берілiп, 6 мыңнан астам тұрғын көгілдір отынның игілігін көруге мүмкіндік алды. Қызылорда қаласындағы Наурыз, Махамбет елді мекендерін газдандыру жұмыстары жүріп жатыр. Биыл Қазалы қаласы мен Жалантөс, Басыкара, Пірімов, Шиелідегі Алғабас, Ақмая ауылдарында алау оты жағылады. 2025 жылға дейін өңірде тағы 38 елді мекенге көгілдір отын жетеді.

Аймақ үшін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрлықаралық автокөлік дәлізінің маңызы зор. Бес облыс аумағынан өтетін 2787 шақырым жолдың 812 шақырымы Қызылорда жерінде. Бұл аудан орталықтары теміржол мен автожол бойында орналасқан облыс үшін ең тиімді. Қазір өңірдегі жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 75 пайызға жетіп отыр. Ел Президентінің Ұлытау облысын құру тапсырмасы аясында Қызылорда-Жезқазған тас жолының жаңартылуы да ерекше мәнге ие. Құрылыс жұмыстары биыл басталады.

Өткен жылы «Наурыз жер», «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламалары арқылы 110,7 шақырым ауыз су және 11,4 шақырым көріз желілері тартылды. Субсидиялауға облыстық бюджеттен 3,3 млрд. теңге бөлініп, 178 елді мекен сумен қамтылды. Нәтижесінде облыс халқының 97,8 пайызы орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды.

Соңғы 2 жылда Сыр елінде 12 медициналық нысан, яғни 3 дәрігерлік амбулатория, 6 медпункт, Жалағаш аудандық, Қызылорда қаласында модульді жұқпалы аурулар ауруханалар ашылды. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында 60 төсектік «Қамқорлық» оңалту орталығы мен Әйтеке би кентінде 250 келушіге арналған емхана құрылысы аяқталуға жақын.

Білім беру саласында былтыр 750 орындық 3 мектеп пайдалануға берілді, оның ішінде 448 орындық 2-уі жеке меншік мектеп. Биыл 8 мектептің құрылысы жүргізілiп, 7 білім ордасы жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі.

1 жылда 463 аз қамтылған көпбалалы отбасы, 160 әлеуметтік аз қамтылған отбасы, тұрғын үйі апатты деп танылған 30 азамат үйлі болды. Ал, республикалық бюджеттен 321 көпбалалы ана баспаналы болды. Биыл қызылордалықтарға 122 пәтер кілтін табыстау жоспарда бар.

Р.S. Тұрғындардың жеке мәселелерін қарауда облыс әкімі айына екі рет кезектілік тәртіппен азаматтарды қабылдайды. Ал, жылына 2 рет Орталық коммуникациялар алаңында журналистер алдында баспасөз брифинг өткізеді. Бұдан былай аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасарлары тоқсан сайын және шұғыл мәселелерде жедел түрде брифинг береді.



Қызылорда су торабынан 536 текше метр су өтуде

Сырдария өзенінің су деңгейі көтеріліп, Қызылорда су торабынан 536 текше метр су өтуде. Шардара су қоймасының толуына орай Сырдария өзенінің төменгі ағысына 1000 текше метр су жіберілуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Әлиев хабарлады.

«Қазіргі уақытта Шардара су қоймасы арқылы Сырдария өзенінің төменгі ағысына мың текше метр су тасталуда. Оның 450 текше метрі Көксарай су реттегіш қоймасына келуде. Бүгінде облыс аумағына 600 текше метр су келіп түсуде. Соған сәйкес облыс аумағынан магистральді каналдар мен көлдер жүйесі арқылы су алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар 56 су басу қаупі бар аймақ анықталып, оларға 398 арнайы техника және 1 367 адам күші бар 197 мекеме бекітілді», – деді Бағдат Әлиев.

Салаға жауапты мамандардың айтуынша Сыр суының дәл осылай толуы бес жыл бұрын тіркелген екен. Қазіргідей өзен арнасының толуына көктемгі жауын-шашынның мол түсуі әсер еткен.

«Наурыз айының басында Сырдария өзенінің су жинақтағыш аймақтарында жауын-шашынның мол түсуіне байланысты су көлемі көбейді. Осы себепті Шардара су қоймасын транзиттік режимге қойып, төменгі тасталынатын су көлемін – 1340 текше метрге көбейттік. Қазір Көксарай су реттегіш қоймасында – 658 млн.текше метр су бар», – деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы РММ –нің басшысы Сейілбек Нұрымбетов.

«Сырдария өзенімен облыс шекарасына 650 текше метр су түседі. Ал Қазалы су торабынан төменгі ағыска – 235 текше метр су тасталуда. Сырдария өзеніндегі мол суды қауіпсіз өткізу мақсатында каналдармен су алу кестесі әзірленеді. Биыл Шардарада – 2,3 млрд.текше немесе Көксарайға – 1,5 млрд. текше су жиналмаса егістікке су беру маусымы кезеңінде су тапшылығы болады деп күтілуде», – «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Жорабек Ерназаров.

Көпсалалы жаңа кешен баға тұрақтылығына сеп болады

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолы бойында «Жан-арай» көпсалалы агроиндустриалды кешені ашылды.

Жаңақорған ауданы Қожамберді ауылдық округінде орналасқан жаңа нысанның ашылу рәсіміне облыс әкімі Гүлшара Әбдікалықова, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтияұлы, Мәжіліс төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева қатысып, ел игілігіне бағытталған нысанның лентасын киды.

«Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында кешенді ашқан облыстық мәслихат депутаты, меценат Бақдәулет Махашов 200-дей жергілікті азаматты жұмыспен қамтыды.

Аймақ басшысы жаңашыр азаматтың өңір экономикасына, ауыл шаруашылығы саласындағы өнім қорын ұлғайтуға мүмкіндік беретін ірі кешенді елге табыстап, туған жерге тарту жасағанын айтып, агроиндустриалды кешеннің маңызына тоқталды.

– Қасиетті Рамазан айы басталған күні заман талабына сай салынған «Жан-арай» көпсалалы агроиндустриалды кешенін пайдалануға берген ерлігі тұрмыз.

Президент Жолдауында Үкіметке және өңірлерге дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шараларды қабылдау, егін науқанын мерзімінде бастауды тапсырды. Қазір Сыр дихандары көктемгі дала жұмыстарына қызу дайындықпен кірісіп кетті.

Кешен өңірдегі азық-түлік бағасының тұрақтылығын сақтауға, өңір тұрғындарын өз өнімімізбен қамтамасыз етуге және көрші облыстардан жоғары бағада келетін көкөніс көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Жаңа нысан баршаңызға құтты болсын! – деді аймақ басшысы.

Кешеннің аумағы кең, мұнда алма бағы, қызанақ өндіру, өндеу, сату қоймасы, сондай-ақ, 300 орындық мейрамхана, қонақүй, 1500 тонналық есептелген көкөніс қоймасы және басқа да кәжетті қызмет көрсету нысандары бар.

Айта кетейік, өңірде өндеу өнеркәсібі саласында 2026 жылға дейін жүзеге асатын 21 ірі инвестициялық жоба пулы қалыптасты. Соның ішінде, агроөнеркәсіп кешені саласында жалпы құны 43,1 млрд. теңгені құрайтын 6 жоба жүзеге асырылмақ.



ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛЕЗІКТЕР ҚОЛДАНЫЛАТЫН БОЛАДЫ

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің аудандық, қалалық пробация қызметінің есебіндегі сотталғандарға электронды білезіктер алынды.

ҚАЖ департаментінің пробация қызметіне басшылық жасау тобының аға инспекторы С.Тлеуованың айтуынша электронды білезіктер келесі санаттағы сотталғандарға тағылады, яғни жазаны өтеу шарттарын жүйелі түрде бұзатын және бірнеше ескертулері бар, сынақ мерзімі ұзартылған мен қамелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстары үшін сотталғандар.

«Бұл электронды білезік сотталғандарды бақылау жасауға, тұрғылықты мекенжайын тастап кетпеуге, қайта қылмыстың алдын алуға септігі мол. Білезік тағылған сотталғандарды пробация инспекторлары арнайы планшеттер арқылы бақылайды, егер сотталған жаза өтеу тәртібін бұзса немесе білезікті өздігінен шешуге тырысса дабыл сигналы тәріздi белгі түседі»,- дейді әділет майоры Сәбигүл Тлеуова.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

№14 (766) Сәрсенбі 6 сәуір 2022 жыл e-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жариялаған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекен-жайында орналасқан «Қазалы ауданының жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 11 мамыр сағат 9^{00} - ден бастап 2022 жылдың 31 мамыр сағат 1900 - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекен-жайындағы Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залы 2022 жылдың 01 маусым күні сағат 1000 - ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны:
8(72438) 79-2-80, ішкі нөмір: 6971

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Жер учаскесінің бағалық жалға алу құны (теңге)	Топырақтың сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, «Аққөл» көл учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Бар
2	Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, «Аққөл» көл учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Бар
3	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Жуантөбе» мен «Бұзау тамы» учаскелерінің аралығы	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
4	Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, «Алайғыр» учаскесі	100,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	53 200,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	4 балл	Бар
5	Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, «Елеу»учаскесі	80,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	36 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 72,0 га Басқа алқаптары 8,0 га	4 балл	Бар
6	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Дүкеннің» құсы учаскесі	400,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	215 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 360,0 га Басқа алқаптары 40,0 га	4 балл	Жоқ
7	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Сайқұдық» учаскесі	1000,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	543 200,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 900,0 га Басқа алқаптары 100,0 га	4 балл	Жоқ
8	Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, «Шоқпар» учаскесі	1000,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	543 200,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 900,0 га Басқа алқаптары 100,0 га	4 балл	Жоқ
9	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Бекарыстан құдығы» учаскесі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
10	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Долан» мен «Жамила» учаскелерінің аралығы	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	159 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	4 балл	Жоқ
11	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Күртебай» учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Жоқ
12	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Ащы құдық» учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Жоқ
13	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Сайқұдық» учаскесі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
14	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Ащы құдық» учаскесі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
15	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Күртебай» учаскесі	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	159 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	4 балл	Жоқ
16	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Жаңдостың бұлағы» учаскесі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
17	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Күртебай» учаскесі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
18	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Қайырлағ» учаскесі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
19	Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, «Қарабайлы-1» учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Бар
20	Қазалы ауданы, Шакен ауылдық округі, «Жандос» пен «Дүкенді қуысы» учаскелерінің аралығы	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Жоқ
21	Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі «Аққөл» учаскесі	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	159 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	4 балл	Бар
22	Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі «Қантөбе» учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Бар
23	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі «Торанғұл» учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Жоқ
24	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі «Дүкенді құдық»	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
25	Қазалы ауданы, Сарыкөл ауылдық округі, «Байсқе, Қартабай» учаскелерінің аралығы	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Бар
26	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі «Тұрғанбай, Ташқара» учаскесі	2000,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	108 6400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 1800,0 га Басқа алқаптары 200,0 га	4 балл	Жоқ
27	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі «Әбілбай құдық» учаскесі мен «Жылқыбай құдық» учаскелерінің аралығы	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	271 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
28	Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі «Танабай» учаскесі	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	159 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	4 балл	Бар
29	Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі «Панабай» учаскесі	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	159 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	4 балл	Бар
30	Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі «Әйімнің бұлағы» учаскесі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Жоқ
31	Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі «Құлынбай» учаскесі	50,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	26 600,00	Сұр қоңыр	Жайылымы 45,0 га Басқа алқаптары 5,0 га	4 балл	Бар
32	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі «Жандос» учаскесі	250,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	112 400,0	Сұр қоңыр	Жайылымы 225,0 га Басқа алқаптары 25,0 га	4 балл	Жоқ
	жиыны	13180,0							

Автожанармай құю станцияларының өнеркәсіптік қауіпсіздігі

Автожанармай құю станциялары (әрі қарай - АЖҚС) қызметінің маңыздылығының күннен күнге артуының басты себебі отын түріндегі мұнай өнімдерімен жұмыс істейтін автомобильдер мен техникалардың пайдалануының белсенділігі болып табылады.

АЖҚС қызметін пайдалануда аса жауапкершілік пен кәсібилікті қажет ететін мәселелер бар. АЖҚС-ты қолдану кезінде өзекті мәселенің бірі – өнеркәсіптік қауіпсіздігі болып табылады. Себебі, өнеркәсіптік қауіпсіздіктің басты мақсаты – АЖҚС-да қауіпті оқиғаларды болдырмау мен апатты жағдайлардың алдын алуды көздейді. Сондықтан да, АЖҚС-ты қосар алдында бірнеше жұмыстар жүргізу қажет.

Біріншіден, құрылысын салар алдында, жоба құжаттамасын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша келісу керек. Келісу үшін «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш пен жобалық құжаттаманың электрондық көшірмесі жолданады.

Жобаны рәсімдеу кезінде сақталуды талап ететін нормалар ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №342 бұйрығымен бекітілген Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станцияларын үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында, 3.03-07-2012, 3.03-107-2013, әл егер, автожанармай құю станцияларында газ құю станциялары қаралатын болса, онда 4.03-02-2012 Қазақстан Республикасы Құрылыс Нормалары мен Ережелерінде егжей-тегжейлі қарастырылған.

Екіншіден, құрылысы біткен АЖҚС-ты іске қосар алдындаөнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілінің қатысуымен сынақ өткізіледі. Аталған талаптар міндетті болып табылады.

АЖҚС-тегі өндірістік процестердің қауіпсіздігі мұнай өнімдерін қабылдаудың, сақтаудың, берудің және есепке алудың қауіпсіз технологиялық процестерін, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін техникалық құрылғыларды қолдану арқылы және технологиялық регламентке сәйкес қол жеткізіледі.

Пайдалануға берілген АЖҚС өз деңгейінде қауіпсіз жұмыс қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шаралар үдайы жүргізіліп отыруы тиіс. Мысалы, АЖҚС-ты қолдану барысында резервуарлардың екі жылда бір рет тазарту жұмыстары жүргізіледі. Олардың техникалық жағдайын, жөндеу түрін, пайдалануын қалдық мерзімін анықтайтын диагностикалау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Бірінші кезектегі диагностикалық тексеру 20 жылдан астам пайдаланудағы және авариядан кейінгі жөндеу жүргізілген резервуарларға жүргізіледі. Сонымен бірге, кезеңімен шынара бес жылда бір рет, толық он жылда бір рет диагностикалау жүргізіледі. Резервуарлар бес жылда бір рет келемі өлшеніп, градуирленген кесте рәсімделеді. Жыл сайын жерге қосу жағдайы, найзағайдан қорғау құрылғылары, манометрлері тексеріліп тұруы керек.

Аттестациядан өткен арнайы мекемелер ғана диагностикалық тексеру жұмыстарын жүргізіп, қорытынды бере алады. Ревизияланудан және жөнделуден кейін қабылдау актісі негізінде қайта іске қосуға болады.

Оператор мұнай өнімдерін құяр алдында резервуардың және оның жабдықтарының, технологиялық құбыр желілерінің ақаусыздығын, жапқыш арматураның ауыстырып қосу құрылғысының дұрыстығын, қабылдаватын мұнай өнімінің құйылатын резервуардағы өніммен сәйкестігін тексеріп, резервуардағы мұнай өнімінің деңгейі мен температурасын өлшеуі қажет, өрт сөндіру құралдарының ақаусыздығын, автоцистерналарды жерге қосудың дұрыстығына және оның құю құрылғысының ақаусыздығына көз жеткізуі керек. Өздігінен төгілуі арқылы немесе АЖҚС сорғысымен құю кезінде автоцистерна қозғалтқышының сөндірілгеніне көз жеткізіп, мұнай өнімінің төгілуіне жол бермеу шараларын жасауы қажет және резервуарға цистернадан мұнай өнімін құю барысында, бұл резервуардан машиналарға жанармай құйылмауы тиіс. Егер цистерна пломбыланбаған жағдайда, цистернадан мұнай өнімін құю алдында су сезгіш таспаларының көмегімен онда судың жоқтығын тексеріп, цистернадан сынама алып, оның ішіндегі мұнай өнімінің температурасын өлшеп алуы қажет.

Қызметкерлер жұмыс уақытында оларға берілген арнайы киімдерді, аяқ киімдерді және жеке сақтандыру құралдарын пайдалану қажеттілігін, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша мерзімінде оқып тұруын ескерген дұрыс. Май тарату құралдарды және тағы да басқа қолданыстағы қондырғыларды уақытылы тексеруден өткізіп тұру – қауіпсіз қолданыстың негізі екенін ескеру керек.

Қорытындылай келе, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарын қатаң сақтау арқылы қауіпті оқиғалардың болдырмау және апатты жағдайлардың алдын-алуға және субъектілердің сапалы әрі қауіпсіз кызмет етуіне қол жеткізетіндігін, яғни бақылау бар жерде тәртіп, ал тәртіп болған жерде береке де болатынын ұмытпағанымыз абзал.

Қ. ҚУАНЫШБЕКОВ,
ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырлардағы және жару жұмыстарын мемлекеттік қадағалау бөлімінің бас маманы

Аурудың алдын алу маңызды

АИТВ жұқпасы - адамның иммунитет тапшылығы вирусының лимфоциттерде, макрофагтарда және жүйке тінінің жасушаларында ұзақ жылдар сақталуының нәтижесінде дамитын, иммундық жүйені зақымдайтын жұқпалы дерт. АИТВ инфекциясының өзіне тән шағымдары жоқ. Ауру біртіндеп басталады. Алғашқы уақытта дерт тұмауға ұқсас белгілерден басталуы мүмкін, сонымен бірге дене қызуының көтерілуі, лимфа түйіндерінің ұлғаюы мүмкін. АИТВ-инфекциясының 4 клиникалық сатысы бар, бастапқы екі сатысы симптомсыз ағыммен және ұзақ сақталатын лимфоаденопатиямен сипатталса, 3-4 сатыда басқа да әртүрлі симптомдар мен синдромдар ақырын бастайды, соның ішінде тыныс алу жолдарының созылмалы инфекциялары, әр-түрлі дерматиттер, ауыр бактериялдық инфекциялар, герпес, пневмония, туберкулез, Капоши саркомасы және басқалары. Адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырудың негізгі жолдары – бұл мүшекапсыз жыныстық қатынас, инъекциялық есірткіні пайдалану кезінде (есірткіні тұтынушылар арасында таралған) стерильді емес құралдарды ортақ пайдалану және АИТВ жұқтырған анадан балаға (жүктілік уақытында, босану кезінде және емізу кезінде ана сүті арқылы жұғуы мүмкін). Жұқтырудың басқа жолдары жоқ, сондықтан АИТВ-ны ауа-тамшылы жолы арқылы, қол алысу кезінде, ортақ ыдысты пайдалануда, бассейнде, сауна да, жәндіктердің шағуы кезінде, тамақ, жемістер арқылы жұқтыру мүмкін емес. Вирус қоршаған ортада тұрақсыз болғандықтан, ол адам ағзасынан тыс жерде өмір сүре алмайды. Осылайша, қазір АИТВ-инфекциясын емдеуге арналған тиімділігі жоғары дәрілік препараттар қолданылуда. Олар антиретровирустік деп аталады, вирусты ағзадан толық шығармаса да, дегенмен, бұл дәрі-дәрмектер адам ағзасының қанындағы вирустың көбеюін тежейді және АИТВ-ның асқынуына кедергі келтіреді. Емделуін арқасында вирус анықталмайтын деңгейге жеткен науқастардың жалпы өмір сапасы жоғарылап, қосымша аурулар мен өлім көрсеткіші төмендейді, және де тиімді емнің нәтижесінде науқастар инфекцияны басқаларға жұқтыра алмайды. Сондықтан, АИТВ инфекциясы анықталған жағдайда тез арада дәрігердің қабылдауында болып, арнайы ем алуды бастаған дұрыс. Соңғы жылдары АИТВ инфекциясының көп жағдайда жыныстық жолмен таралуына байланысты, АИТВ жұқтыру мүмкіншілігін ешкім жоққа шығара алмайды, сондықтан репродуктивті жастағы азаматтар әлеуетті қауіп аймағында тұр. Вирусты жұқтыруға АИТВ жұқтырған адаммен бір ғана жыныстық қатынаста болу жеткілікті. Сондықтан – кездейсоқ және ерте некесіз жыныстық қатынастардан аулақ болыныздар, АИТВ-мәртебесі туралы сізге белгілі болған бір жыныстық серіктесіке адалдықты сақтаныздар, егер серіктесіңіздің АИТВ-мәртебесі туралы білмесеңіздер, жыныстық қатынаста мүшекапты пайдаланып, үнемі АИТВ-ға тестілеуден өтіп тұрғандарыңыз абзал. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың болуы АИТВ жұқтыру қаупін 2-3 есеге арттырады, осыған орай мұндай аурулары уақтылы емдеу АИТВ-ның алдын алу болып табылады. Жүкті әйелдер жүктілік кезінде міндетті түрде екі рет АИТВ-ға тестілеуден өтуі керек, АИТВ анықталған жағдайда, әйелге жүктілікті 14 аптасынан бастап АИТВ-ның алдын алуға арналған ретровирусқа қарсы дәрі-дәрмектер тағайындалады, балаға жұғу қаупін азайту үшін әйелге кесар тілігі әдісімен босандыру ұсынылады, емшек сүтінде вирустың болуына байланысты, бала туғаннан кейін жасанды тамақтануға ауыстырылады. Жоғарыда айтылғанның негізінде, АИТВ-инфекциясының берілуі мен алдын алу шараларын біле отырып, ауруды жұқтырудан өзіңізді қорғауға болады.

А.ОМАРОВА,
Жаңақорған аудандық ПӘК кабинеті меңгерушісі

АИТВ қауіпті инфекция



АИТВ адамның иммунитет тапшылық вирусты инфекциясы адам ағзасына иммундық жүйені зақымдайтын вирустың енуінен пайда болатын ауру. Адамда АИТВ вирусын тек қанды тестілеу арқылы анықтауға болады, қаннан АИТВ вирусы анықталған адам АИТВ жұқтырған деп аталады. Егер АИТВ жұқтырған адам вирусқа қарсы емді жүргізбесе инфекция асқынып, адам ағзасында түрлі қайтымсыз аурулар бой көтеріп, адамның иммундық жүйесі кызметі әлсіреп ЖИТС-қа әкеледі. АИТВ/ЖИТС деп атын естігеннен адамда қорқыныш, үрей пайда болады. Себебі бұл жұқпаның құрығына түскен адам өмір бойына осы вирустпен өмір сүреді. АИТВ жұқпасы тек адамнан адамға биологиялық сұйықтықтары арқылы жұғатын инфекция. Биологиялық сұйықтықтарға қан, ана сүті, ерлер шәуеті, әйелдің қынап сұйықтығы жұқтыру қаупі жоғары сұйықтықтарға жатады. Сондықтан да бұл инфекцияның қан арқылы, жыныстық жолмен және анадан балаға тігінен беріду жолдары дәлелденген. Бұл жұқпаға сананы, ақыл есі дұрыс, дұрыс жолмен жүретін, бір ғана жыныстық серіктесі бар адамдар шалдығға бермейді. АИТВ жұқпасына жаман әдетке үйір, миы нашаға, ішімдікке, шылымға уланған, қорғалмаған жыныстық қатыста болған, бір мезетте бірнеше жыныстық серіктесі болған адамдар шалдығады. Бір өкпештісі бұл жұқпаның емі табылған жоқ. Қазіргі кезде тек адам өмірін ұзартатын, ағзадағы вирустың көбейуіне жол бермейтін вирусқа қарсы препараттарды ішу арқылы адам өмір сүре алады. Айта кетерлігі бұл вирусқа қарсы препараттарды АИТВ жұқтырғандар үшін өмір бойына қабылдайды. Әрине айтуға оңай, бірақ өмір бойына да дәріні қабылдау мүмкін емес. Дегенменде адам АИТВ жұқтырдым екен деп өзін өзі тастап жібермеу керек, керісінше аурумен күресіп, өмір сүруге құлшынысын арттыру керек. Адамның алдына қойған арман-мақсаттары көп, соған жету үшін адам ұмтылу керек, дәрігер кеңесіне құлақ асып, тағайындалған емді қабылдау керек. Өмірде бір рет опық жеген адам екінші қайталамауға тырысады. Сондықтанда өмір жолында шалыс баспауға, зиянды әдеттерге әуес болмауға, қорғалмаған кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болуға шақырамын. Әсіресе өскелең ұрпағымыз жасөспірімдер мен жастар арасында алдын алу шараларын көбірек өткізу керек. Түрлі форматта іс шараларды өткізіп, жұқпаның қауіптілігін, жұқпалылығын, өзге адамдарға жұқтыруға болмайтындығын түсіндіріп айтуымыз керек.

Бұл жұқпамен тек біз медицина мамандары емес, білім, қоғам болып күресуіміз керек. Себебі қазіргі таңда АИТВ жұқтырғандар саны күн санап артуда, әсіресе 15-49 жастағы адамдар арасында етек алып бара жатыр. Кейбір адамдар бұл жұқпаны түсінбеуі, мойындамауы мүмкін. АИТВ жұқтырғандарды тұр әлпетінє қарап АИТВ жұқтырған деп айта алмаймыз. Себебі бұл созылмалы ағымда өтетін, 10-15 жылға дейін клиникалық көрінісері байқалмайтын жұқпа. Бір өкпештісі соңғы кездері жүкті әйелдер арасында анықталуы. Жүкті әйелде анықталды деген сөз ұрпағымызға қауіп дегенді білдіреді. Бірақ медицина қарқынды дамудың арқасында АИТВ жұқпасының жүктілік кезінде құрсақтағы балаға жұқтырмау жолдарын қарастырып, препараттарын тағайындайды. Осы жүргізілген алдын алу шараларын арқасында дені сау балалар өмірге келуде. Сондықтан да денсаулықтан қадірін біліп, АИТВ жұқпасын жұқтырып алмайық. Ол үшін салауатты өмір сүріп, зиянды әдеттерден аулақ болып, бір ғана жыныстық серіктесіпен өмір сүру керек. Әр адам өз денсаулығына өзі жауапты екенін есте шығармайық.

А.БЕКНИЯЗОВА,
Жалағаш психоәлеуметтік кабинет дәрігері

Хабарландыру

«ADAL SERVICE» ЖШС-сі 2022 жылғы мамырдың19 күні сағат 10.00-де, Нұрсұлтан қ., Алаштас жолы 74 мекен-жайы бойынша «ADAL SERVICE» ЖШС-нің нысаны бойынша шекті рұқсат етілген шығарындылар жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді тіндігін хабарландыру.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында,сондай-ақ «Нұр-Сұлтан қаласының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінде, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғылы, 13,4 қабат; тел. 55-75-08 қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Нұрсұлтан қ., Байқоңыр ауданы, 85 көшесі, 8 үй және +7705 695 8861 телефондары бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «ADALSERVICE» сообщает, что в10 час 00 мин.19 мая 2022 года по адресу: г.Нур-Султан, шоссе Алаш 74 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту нормативов эмиссий загрязняющих веществ в атмосферный воздух предельно-допустимых выбросов (ПДВ) для ТОО «ADAL SERVICE».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования города Нур- Султан» по адресу: г. Нур-Султан, пр.Сарыарка, 13,этаж 4 тел. 55-75-08.

Дополнительную информацию можно получить по г.Нур Султан,р-н Байконур, ул.85, д. 8 и по телефонам + 7 705 6958861.



ЙЕМЕН

Соғысты тоқтатудың алғашқы қадамы жасалды

Йеменде бітімге келу туралы екі айлық келісімге қол қойылды. Нью-Йорктегі журналистер алдында сөз сөйлеген БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гуттерриш Йемендегі арнайы елші Ханс Грундбергке алғыс айтып, Йемен Үкіметіне, Сауд Арабиясы мен хуситтер бастаған коалицияға ризашылық білдірді.

«Бұл бітім Йемендегі жойқын соғысты тоқтатудың алғашқы қадамы болуы керек», – деп мәлімдеді Бас хатшы. Жеті жылдан астам уақыт бойы Йемен Сауд Арабиясы бастаған үкіметшіл коалиция мен хуситтердің бүлікші құрылымдары арасындағы қарулы қақтығыс аланы болды. Тараптар Йемен ішіндегі және оның шекараларына жақын жердегі барлық шабуылдау әуе, жер үсті және теңіз операцияларын тоқтатуға келісті. Сондай-ақ, олар отынмен бар кемелерді Ходейда портына тоқтатуға, ал коммерциялық рейстерді Сана әуежайынан орындауға уағдаласты. Бітім тараптардың келісімімен екі айдан соң тағы ұзартылуы мүмкін.

ҰЛЫБРИТАНИЯ

Коронавирустың мутацияланған жаңа түрі анықталды

Ұлыбританияда коронавирустың «омикрон» штаммының жаңа мутацияланған түрі – ХЕ анықталды.

Сарапшылардың пікірінше, ХЕ алдыңғы нұсқаларға қарағанда қаншалықты жұқпалы екендігі туралы қорытынды жасау әзірге ертерек. Ұлыбританияның Денсаулық сақтау агенттігі жаңа нұсқаны зерделеуде. Әзірге сарапшылар бұл мутацияны жұқтыру қарқыны «стелс-омикрон» немесе «омикрон» BA.2 түрінің таралуынан айтарлықтай ерекшеленбейтінін атап өтті. Алайда, соңғы зерттеулер бойынша ХЕ-дің жұғу жылдамдығы «стелс-омикронға» қарағанда 9,8% жоғары.

БРЮССЕЛЬ

Еуропалық одақ елдерінде инфляция 7,5 пайызға дейін өсті

Еуроаймақтағы инфляция деңгейі наурызда 2022 жылғы ақпанға қарағанда өсті, бұл көрсеткіш 5,9% құрады.

Еуроаймақтағы инфляцияның негізгі құрамдастарын ескере отырып, наурызда энергия тасымалдаушылары бағасының өсу қарқыны жылдық есептеу ең жоғары болады деп күтілуде. Ақпанда 32,0% болса, наурыз айында 44,7% болмақ. Одан кейінгі өсім азық-түлік, алкоголь және темеки (наурызда - 5,0%, ақпанда - 4,2%) өнімдері, өнеркәсіптік тауарлар мен қызметтерде де байқалды. Еуроаймаққа Бельгия, Германия, Эстония, Ирландия, Греция, Испания, Франция, Италия, Кипр, Латвия, Литва, Люксембург, Мальта, Нидерланды, Австрия, Португалия, Словения, Словакия және Финляндия кіреді.

УКРАИНА

Мәдени мұраларға қауіп төніп тұр

Украинаның Львов пен Киев қалаларында орналасқан жеті Дүниежүзілік мұра бар, Одесса мен Харьков та шығармашылық қалалар желісіне кіреді. Ал мемлекеттің кейбір ұлттық мұрағаттары ЮНЕСКО-ның «Әлемнің жадысы» тізіліміне енгізілген.

Онда соғыс басталғалы бері ЮНЕСКО өз мандаты аясында, оның ішінде мәдениетті қорғау бағытында нақты шаралар қабылдап жатыр. Ұйым мәдени нысандар мен ескерткіштерді 1954 жылғы Гаага конвенциясының «Көгілдір қалқан» ерекше эмблемасымен белгілеу үшін Украина билігімен байланыс орнатады. Ондағы мақсат – қасақана немесе кездейсоқ зиян келтірмеу үшін қарулы қақтығыс жағдайында мәдени құндылықтарды қорғау. Бірінші кезектегі міндет –халықаралық құқыққа сәйкес қорғалатын аудандар ретінде олардың ерекше мәртебесін еске салу үшін мәдени мұра ескерткіштеріне белгі қою. Жақын күндері Украинаның мәдениет саласындағы мамандармен - дүниежүзілік мұра нысандарының басшыларымен, мұражай директорларымен, жылжымайтын және жылжымалы мұра нысандарына жауапты азаматтармен шұғыл қажеттіліктерді анықтау мақсатында жаңа кездесулер жоспарланған. Сонымен қатар ЮНЕСКО Украинаның қауіп-қатерге тап болған мәдени мұрасын қорғау үшін халықаралық серіктестерді тартпақ. Соның ішінде мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі халықаралық зерттеу орталығын, «Көгілдір қалқан» комитетін, Халықаралық мұражайлар кеңесін, ескерткіштер мен көрікті жерлерді сақтау жөніндегі кеңесті және тағы басқаларын жұмылдырады.



(04.04–10.04.2022)

Тоқты (21 наурыз–20 сәуір)
Жұмысты өзгерту немесе іскерлік келісімдерге қол қою үшін сәтті уақыт емес. Жолдарда, әсіресе аптаның басында абай болу керек. Өз іс-әрекеттеріңізді серіктестермен және дұрыс кеңес бере алатын адамдармен үйлестірген жөн.

Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)
Апта табысты және пайдалы байланыстар, қызықты романтикалық кездесулер және тек жақсы уақыт өткізуге өте қолайлы болғалы тұр. Тек жалқау болмаңыз және қолайлы уақытты пайдалы іске асыра білініз.

Егіздер (21 мамыр-21 маусым)
Сүйкімділігіңізбен қоса адам тарта білу қасиетіңіз сізді басқалардың алдында көшбасшы болуға қабілетті тұлға етеді. Сонымен қатар, іскерлік ұсыныстар өте тиімді болуы мүмкін. Сейсенбіде артық ақша жұмсамауға тырысыңыз.

Шаян (22 маусым-22 шілде)
Кез келген жағдайға бейімделу қабілеті бизнесте және жеке өмірде сәттілікке ықпал етеді. Сіз өзіңіздің ойыңызға толығымен сене аласыз. Белгінің кейбір өкілдері өздерінің ішкі ойымен келіспеушіліктер болуы мүмкін.

Арыстан (23 шілде-22 тамыз)
Осы аптада жанжалдасудан абай болыңыз. Өзіңіз сенім артуға болатын адамның көңілін қалдырмаңыз. Аптаның ортасында орын алатын жағдаймен жалғыз күреспей, жақын жандарыңыздың көрсеткен көмегінен бас тартпаңыз.

Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)
Өзіңізді еркін ұстап, еркелете білініз. Адам өзін жақсы көрмей, басқаларға жақсы көріне алмайды. Апта сәтті жоспарлар мен сәтті жаңалықтарға толы. Егер сіз жалқау болмасаңыз, сіз барлық қиындықтарды жеңесіз.

Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)
Сізде күш пен қуат жетіспейді деп шағымдануға құқығыңыз жоқ. Жасыл шам сізге кез келген бағытта беріледі: мансап, денсаулықты нығайту немесе жеке өмір. Бірақ белгінің кейбір өкілдері кейде өз эмоцияларын бақылауды қажет етеді.

Сарыұшаян (23 қазан-21 қараша)
Сезім тек сізде ғана емес екенін білініз. Сіздің жақын адамдарыңызбен бір сөзге келу, келісу оңай болмасы анық. Шешім қабылдауда қиындықтарға тап болуыңыз бек мүмкін. Бұған бей-жай қарамаңыз, шынайы болыңыз.

Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)
Аптаның басын қажетсіз жанжалдардан бастамас үшін, өз отбасыңыздағы киікжіктерді шеше білініз. Тұрмыстық дау-дамай деңгейіндегі жағдайдан сақ болыңыз. Бұл белгідегі қараша айында дүниеге келгендердің аптасы сәтті болмақ.

Таусешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)
Осы апта сіз үшін күрделі болмақ. Серіктестер, әріптестер және достар артыңызға шам ала түсуі мүмкін. Олардан демалу және үзіліс жасау киын болады. Дегенмен, сізде барлығына жеткілікті күш пен махаббат болатынын есте сақтаңыз!

Сықсиғыш (20 қаңтар-18 ақпан)
Сіз бәрін әдеттегідей баяу жасайсыз - бұл сізді қателіктерден құтқарады. Сәрсенбіде кездейсоқ жағдайлардан абай болыңыз. Ойлаған нәрселердің жылдам шешімін табуға тырысасыз. Аптаның екінші жартысында жаңа адамдармен тез тіл табысасыз.

Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)
Отбасындағы қиындықтар уақытша жағдай деп түсініңіз. Өзіңізді түсініп, дұрыс емес мінез-құлқыңызды өзгертуге күш салыңыз. Отбасындағы жағдай жеке өмірді қалыптастыратынын ұмытпаңыз.

Жыл он екі ай амалдары

Қазақтың этнографиялық мәдениетінің ең бір тылсым, құпиясы көп саласының бірі – күнтізбедегі аталған ай амалдарының мәселесі. Қазақ халқы күн мен айдың қозғалысын, көптеген жұлдыздардың туатын және бататын кездерін жақсы білген.



Соның негізінде байтақ далада жол тауып, жыл мезгілдерін айырып, мал алу мерзімдерін біліп, уақытты есептеп отырған. Қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылай отырып, көптыдық тәжірибелерін қорытып, ауа-райын болжап, астрономиялық түсініктері мен білімдерін жинаған. Жазба күнтізбесі болмаса да, жыл он екі айды өзінше зерттеп, өз ойларына түйген қазақ халықтары он екі ай ішіндегі әртүрлі амалдарды атадан балаға мирас қып, сабақтай білген. Амал ұғымы көшпелі қазақ тұрмысы мен дүниетанымында маңызды рөл атқарған. Қазақтың көне күнтізбесі бойынша амал дегеніміз – әр айда адамға, малға, егіс дақылдарына жайсыз және қолайлы жағдайларды межелеп отыру, әр өндіріс науқанын жүргізетін мезгілдерін белгілеу үшін жұлдыздың уақытшы жалпы атауы. Халық бір жыл ішіндегі айналмалы қар, жаңбыр, ыстық, суық аяз, жел, боран сияқты құбылыстарды бір сөзбен амал деп атаған.

16-22 наурыз – Бес қонақ. Бес күн бұлың, кейде боран болады.

27-28 наурыз – Құс қанаты. Қалықтап қар жауады. Халық бұл ырымды «Қардың басын қар алар, ханның басын хан алар» деседі. Осы қармен бірге жыл құсы ілесе келеді. Кей жылдары жаңбырға да ұласады.

4-5 сәуір – От амалы. Қыстың бір күндік соңғы бораны. Мұнан кейін қыс малға отты біржолата береді.

18-19 сәуір – Қызыр қамшысы. Аспанда алғаш рет найзағай ойнап, жаңбыр жауады. (Кей жылдары бір күндік суық та түседі). Оғау-оғау боп көкте жүзген жаздың бұлты шығады.

28-29 сәуір – Бүршік жарған. Бір күндік суық. Тобылғы, қараған бүршігін жарады.

9 мамыр – Қызыл жұмыртқа. Бір күндік салқын. Осы күні адал құстар каз-үйрек жұмыртқасын жарып, қызыл-шақа балаланын шығарады.

17-24 мамыр – Құралай. Осы жаңбырмен қоса кию дағын өргізеді.

29-31 мамыр – Үркердің батуы. Үркер шалшықта батса, ягни осы күндері жаңбыр болса, жаз жаңбырлы болады деген ырым бар. Осыдан бір аптадан кейін шілденің ыстығы басталады. Ол 40 күнге созылмақ.

15-17 сарша – Үркердің толғағы. Арқаның табиғаты бұзылмай тұрғанда бұл шамада аптаға созылған жаңбыр болған. Шілденің аптабынан кейінгі осы жауынды халық асыға күткен.

14-15 тамыз – Таразының тууы. Халық арасында «Таразы туа тан суыр» деген мәтел бар. Күз нышаны алғашқы суық білінеді. Бұлт қоюлана түседі.

21-22 қыркүйек – Сүмбіле жұлдызының тууы. Ел арасында «Сүмбіле туа су суыр» деген мәтел бар. Қабағын түйген күз жаңбырлатып өтеді.

4-5 қазан – Бозбұзау деп аталады. Алғашқы суық бой көрсетіп, бояқ қырау тұрады.

14-19 қазан – Ақшұлпан алты күні деп аталады. Бұл күндері қазақ жұлдызшылары тезектің өте майда күлін сағат сайын ұшырып отырып, желдің бағытын, күшін, бұлттың жоғары-төмендігін, алғашқы ұшқын кардың жобасын байқап, қыстың алты айындағы ауа райын болжаған.

18-19 қараша – Қараша қазданын қайтуы. Жаңбыр соңы көктайғаққа ұласады.

4-5 ақпан (М.Әуезов желтоқсанды ақпан айы дейді) – Қырбастың қызылы. Алғашқы аяз. Кей жылдары аяз күрт көтеріліп, 30-35 градусқа жетеді.

17-22 – XII ай – Теке бұрқыл. Арқаның атақты бораны. Осы шамада арқар мен киік жұптасады.

1-2 қаңтар – Күн таласы. Күн бойы көтеріледі дейді ел. Жапалақтап қар жауады (Кейде жаңбыр да сіркірейді).

17-27 қаңтар – Сары аяз. Қыс шілдесі деп те атайды. Аяздың шарықтау шегі.

3-5 Үт – Үркер ауған. Тас төбеге шарықтап шыққан үркер жұлдызы төбеден сәл батысқа қарай сырғиды. Осыдан кейін Арқада 30 градустан асар аяз болмайды. Бұл күндер бірер күндік борасын жүріп өтеді.

5-7 наурыз – Толқыма. Алғашқы жылымық. Үркер жамбасқа түсер.

17-19 наурыз – Май боран. Бес қонақтың бір күні. Босаға жұлдызының түсына орай Босаға басы деп те аталады.

П/с: ... Бұл амалдар белгілі бір мезгілде болатын әр жыл сайын дәл сол кезде тұрақты қайталанып отыратын елдегі ауа-райы құбылысы. Әр құбылыстың өз мезгілі болады. Ертедегі қазақ есептшілері осы қайталама құбылыстарды мезгілге бөліп, оның қайталама сипатын аспан денелерінің қозғалысымен байланыстырып отырған. Сойтіп, күнтізбе жүйесінің алғышарттарын жасаған.

Кәмел ЖҰНІСТЕҢІ

Хабарландыру

«Орда Солтүстік KZ» ЖШС-сі 2022 жылғы мамырдың 20 күні сағат 11.00-де «СҚО, Уәлиханов ауданы, Акбұлак ауылдық округі, Акбұлак ауылы, өнеркәсіптік аймақ, 8 жер телімі мекен-жайы бойынша 10 000 басқа арналған бордақылау алаңының құрылысы» ның нысаны бойынша шекті рұқсат етілген шығарындылар жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар СҚО, Уәлиханов ауданы, Акбұлак ауылдық округі, Акбұлак ауылы, өнеркәсіптік аймақ, 8 жер телімі мекен-жайы бойынша өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ecoportal.kz Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталындағы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады СҚО, О., Парковая көшесі, 1,1. +7705 695 8861 телефондары бойынша және eco-start@list.ru электрондық поштаға хат жазу арқылы алуға болады.

Объявление

ТОО «Орда Солтүстік KZ», сообщает, что в 11 час 00 мин. 20 мая 2022 года состоятся общественные слушания в форме открытого собрания будет проведено по адресу СКО, Уалихановский район, Акбулакский сельский округ; село Акбулак, промышленная зона, земельный участок 8 по проекту «Строительство откормочной площадки на 10 ООО голов крупного рогатого скота, по адресу: СКО, Уалихановский район, Акбулакский сельский округ; село Акбулак, промышленная зона, земельный участок 8» нормативов эмиссий загрязняющих веществ в атмосферный воздух предельно-допустимых выбросов (ПДВ).

С пакетом проектной документации можно ознакомится на Едином экологическом портале:https://ecoportal.kz, а также сайте МИО.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале.

Дополнительную информацию можно получить по адресу СКО, О., ул.Парковая 1, 1п по телефону + 7 705 6958861 и по электронной почтеeco-start@list.ru.

Хабарландыру

«Тока KZ» ЖШС-сі 2022 жылғы мамырдың 18 күні сағат 16.00-де, Қарағанды аймағы, Нұра ауданы мекен-жайы бойынша «Қарағанды облысы Нұра ауданында ірі қара мал өсіру және ұстау» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ecoportal.kz Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Қарағанды аймағының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-сінде, Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Лобода көшесі, 20 тел. 8 (7212) 56-81-66, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жұмыстың орғанның интернет-ресурс мекен-жайы: ba.abdikarimova@karaganda-region.gov.kz.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Қазақстан, Қарағанды облысы, Пушкин көшесі, 32, +7 700 197 20 03 телефондары бойынша және eco-start@list.ru электрондық поштаға хат жазу арқылы алуға болады.

Объявление

ТОО «Тока KZ», сообщает, что в 16 часов 00 мин. 18 мая 2022 года по адресу: Республика Казахстан, Карагандинской области в Нуринском районе состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: «Разведение и содержание крупного рогатого скота в Нуринском районе Карагандинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомится на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz, а также сайте МИО.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: «Разведение и содержание крупного рогатого скота в Нуринском районе Карагандинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомится на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz, а также сайте МИО.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Строительство многоэтажных жилых домов с объектами общественного обслуживания» расположенного в г.Атырау, мкр. Нурсая, ул. Т.Жумагалиева, №16 (1-очередь строительства без наружных инженерных сетей и благоустройства).

Адрес ТОО «Grand capital invest»: Адрес: Атырауская область, г.Атырау, мкр Балықшы, 1, +7 707 3621227, e-mail: kmt2302@mail.ru

Адрес ИП «Суинбеков Ж.К »: г. Нур-Султан, пр.Жумабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомится на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 13 апреля по 4 мая на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz,.

Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Атырау, мкр. Балықшы, 1 и по телефонам + 7 771 501 26 74.

Хабарландыру

«Grand capital invest» ЖШС-сі «Атырау қ., Нұрсая м.а., Т.Жумагалиев к-сі, 16 мекен жайында орналасқан қызмет объектілері қосылған кеп қабатты тұрғын үйлер құрылысы» (1-құрылыс кезегі сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз) жұмыс жобасының «Қорғаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«Grand capital invest» ЖШС-ның мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Балықшы м.а., 1, байланыс телефоны: +7 707 3621227, e-mail: kmt2302@mail.ru

ЖК «Суинбеков Ж.К» мекен жайы: Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында https://ecoportal.kz,

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында https://ecoportal.kz, 13 сәуір мен 4 мамыр аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Атырау қ, Балықшы м.а., 1, және +7 771 501 26 74 телефондары бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «Grand capital invest» сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Строительство многоэтажных жилых домов с объектами общественного обслуживания» расположенного в г.Атырау, мкр. Нурсая, ул. Т.Жумагалиева, №16 (1-очередь строительства без наружных инженерных сетей и благоустройства).

Адрес ТОО «Grand capital invest»: Адрес: Атырауская область, г.Атырау, мкр Балықшы, 1, +7 707 3621227, e-mail: kmt2302@mail.ru

Адрес ИП «Суинбеков Ж.К »: г. Нур-Султан, пр.Жумабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомится на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 13 апреля по 4 мая на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz,.

Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Атырау, мкр. Балықшы, 1 и по телефонам + 7 771 501 26 74.

Республикалық **"Ел тілегі"** газетіне хабарландыру бергіңіз келсе,
8 771 693 31 81, 8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Айә пресс Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың орынбасары
Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш Али
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркелің, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, таным дық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында терілің, беттелді. «ASU» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі,4 А үй Телефон: 40-05-68,

Газеттің басылу сапасына жауапты «ASU» баспаханасы

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Айә пресс ЖШС Тел:27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел:23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6000 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №505

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https// ret-gazeta.kz/